

MAKTYMKULY FRAGI AND KAZAKH-TURKMEN LITERARY TIES

Prof. Dr. Bauyrzhan OMARULY

Eurasian National University named after L.N. Gumilyov

Abstract

One of the most prominent figures of the Turkic world is one of the most famous Kazakh poets - Maktymkuly Fragi. His poems are well-known in the Kazakh language by Gali Ormanov, Gafu Kairbekov, Dyuisenbek Kanatbayev, Svetkali Nurzhan translations. In this article, Maktymkuly 's creative work is considered in the context of comparative analysis of common figures in both countries.

Indeed, Maktymkuly is not the only person who connects Kazakh and Turkmen literature. There are a lot of examples of common literary heritage of Kazakh and Turkmen people. The ancient Turkic inscriptions belonging to all Turkic peoples as «Korkyt ata kitaby», «Diuani lugat at-turk» dictionary, «Korugly», «Ogyznama» are the works that raise the heritage of the dual folk.

The research shows that «Korugly» has azerbaijani, armenian, georgian, kurdish, turkish, uzbek, turkmen, tajik and kazakh versions, and according to all versions, Korugly comes from the Turkmen people. The common commemorative is «Ogyznama», which is regarded as a symbol of the spirit of the Turkic nation, and is considered a chronicle of its history in the Middle Ages. The history of the ogyz people is an inseparable part of not only the Turkmen but also the Kazakh history. In the literature of two countries there are examples of some similarities as well.

The poetic figure of Maktymkuly Fragi is a symbol of the Turkmen spirit. Sometimes, as we classify the period of development of Kazakh literature conditionally, the «Literature before Abai» and the «Literature after Abai», Maktymkuly is a great measure in the history of Turkmen literature. The heritage of Maktymkuly is an invaluable talent not only in the Turkmen literature but also in the Turkmen language.

A large part of Maktymkuly's heritage is love lyrics. He figuratively shapes the image of a Turkmen woman using his rich language.

Mahtymkuly's poems, which witnessed difficult times of history, also have some similarities with zar zaman literature. Motivation of the Kazakh poet Shortanbai, the Karakalpak poet Berdak, has been proven in the poems of the Turkmen poet as well. Mahtymkuly's poems about the fate of the country is not far from zar zaman poetry. Maktymkuly is a Turkmeni passport, a language of communication. In a constantly changing world he is widely regarded as a great teacher of his nation. It's the same yesterday, now, and tomorrow. It is clear that the poems of Maktymkuly are still and will be a source of spiritual food to many generations. This is the main point of the research article. Key words: Maktymkuly's heritage, common

figures, Kazakh-Turkmen literary relations, Turkic peoples, national spirit, fate of the country, poetry.

МАҚТЫМҚҰЛЫ ФРАГИ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ-ТҮРІКМЕН ӘДЕБИ БАЙЛАНЫСТАРЫ

Түбі бір түркі дүниесінің айтулы тұлғаларының ішінде қазақ жұртына ең танымал шайырдың бірі – Мақтымқұлы Фраги. Оның әлең-жырлары қалың қазаққа Ғали Орманов (Мақтымқұлы. Таңдаулы әлеңдер. Алматы: ҚМББ, 1947), Ғафу Қайырбеков (Мақтымқұлы. Таңдамалы әлеңдер, Алматы: ҚМББ, 1959), Дүйсенбек Қанатбаев (Мақтымқұлы. Таңдамалы, Алматы: Жазушы, 1983) аудармалары арқылы жақсы таныс. Ұлы ақынның біраз әлеңдері 2009 жылы Светқали Нұржанның «Әулиелер әуезі» атты аударма кітабында, 2012 жылы «Қазақ энциклопедиясы» шығарған «Түрікмен поэзиясы» атты жинақта жарияланды.

Әрине, қазақ әдебиеті мен түрікмен әдебиетін жалғыз Мақтымқұлы ғана байланыстырмайды. Ортақ дамуымыздың белестерінде қазақ пен түрікменді тоғыстыратын мысалдар баршылық. Барша түркі халықтарына тиесілі кәне түркі жазба ескерткіштері, «Қорқыт ата кітабы», «Диуани лұғат ат-түрік» сөздігі, «Кәрұғлы», «Оғызнама» эпостары – қос халықтың мұрасын биік деңгейге көтеріп тұрған шығармалар. Қорқытты түріктермен және әзербайжандармен кәбірек ортақтастыруға дағдыланған біз оның түрікмен әдебиетінің де ұлы тұлғасы екенін ұмытпағанымыз абзал.

2

Зерттеулерде «Кәрұғлының» әзербайжан, армян, грузин, курд, түрік, өзбек, түрікмен, тәжік және қазақ нұсқалары бар екені, барлық нұсқалар бойынша Кәрұғлының түрікмен халқының теке-жәуміт руынан шыққандығы айтылады. Ортақ жәдігер – «Оғызнаманы» түрікмен халқы өз рухының белгісі ретінде бағалайды, тәл тарихының орта ғасырдағы шежіресі деп санайды. Оғыздар тарихы – түрікмен ғана емес, қазақ тарихының да бәлінбес бәлшегі. Мұны осы кезеңді зерттеген ғалым С.Г.Агаджановтың мәліметтері кәбірек айғақтайды [1].

Екі ел әдебиетінде кейбір шығармалардың жекелеген сюжеттер ұқсастығының мысалдары жетіп артылады. Осыған орай академик Р.Бердібай: «Туысқан түрікмен халқының дастаны – «Шахсәнәм мен Ғаріп» кей тұстарда «Қозы Көрпеш – Баян сұлуды» еске салады» [2, 111], – дейді.

Түрікмен әдебиеті үшін XI ғасырда әмір сүрген «Мяне баба» деп аталған ғұлама Әбу-Саид Әбіл-Хайыр Мехнейдің орны ерекше. Халықтың айрықша ықыласын иеленген ол сопылық ілімнің сұлтаны саналады. Бізде сопылық ілімнің басында Қожа Ахмет Иассаuidің тұратыны сияқты Мяне баба шығармашылығы осы тақырыппен байланыстырылады. Сондай-ақ түрікменнің ұлы шайыры Сеиди мен қазақтың әйгілі ақыны Махамбеттің жорық жырларынан да рухани үндестіктің мысалдары кәштеп табылады.

Ал Мақтымқұлы Фрагидің ақындық тұлғасы түрікмен рухының рәмізіндей ардақталады. Кейде біздің қазақ әдебиетінің даму кезеңін шартты түрде «Абайға дейінгі әдебиет» және «Абайдан кейінгі әдебиет» деп жіктейтініміз сияқты Мақтымқұлы да түрікмен әдебиеті тарихын дәуірлеу барысында биік әлшем бола алады. Түрікмен әдебиетін зерттеуші Марина Агаеваның дерегіне ден қойсақ, ұлы ақынның шығармашылығына қатты қызыққан М.Е.Салтыков-Щедрин: «Осы бір талант иесін Шығыстың Шиллері дер едім. Мен оны Александр Сергеевичпен қатар қоюдан тартынбас ем» [3, 15], – депті.

Мақтымқұлы мұрасы – түрікмен әдебиетінің ғана емес, түрікмен тілінің де баға жетпес бойтұмары. Зерттеуші С.А.Каррыев: «Жазба әдебиет тілі мен халықтық тілдің арасын жақындатқан Мақтымқұлы бұл үдерістің негізін салды және оның тұстастары Андалиб, Шабенде, Магрупи, Шейдаи мейлінше байытты» [4, 470], – дейді.

Мақтымқұлы мұрасының ауқымды бір бөлігі – махаббат лирикасы. Ол кәркем сөздің, құнарлы тілдің құдіретімен түрікмен аруының бейнесін мүсіндейді. Оның осы топтағы шоқтығы биік әлендерінің бірі «Гәзел сен» деп аталады.